

## КТ қатысуға өтініш беру бойынша нұсқаулық

Түсуші КТ-ға өтініш беру үшін:

- 1) <https://app.testcenter.kz/> сайтына кіріп интерфейс тілін таңдайды;
- 2) өтініш беру жүйесіне электронды пошта арқылы тіркеледі (электрондық поштаға келген хатта міндетті түрде электрондық поштаны растау және электронды поштаға келген логин мен парольді тестілеуге кіргенге дейін өшірмеу қажет);
- 3) түсушінің электронды поштасына жіберілген логин мен пароль арқылы авторизациядан өтеді;
- 4) жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) көрсетіп іздеу батырмасын басады (А.Т.Ә. автоматты түрде шығады) және телефон нөмірін көрсетеді;
- 5) «Өтініш беру» парақшасына өтіп, тестілеу форматын таңдайды (жоғары оқу орнынан кейінгі білім → азаматтық емес ЖЖОКБҰ-ға түсу емтиханы → Сот төрелігі академиясына магистратураға кешенді тестілеу);
- 6) өтінішті толтыру кезінде білім беру деңгейін, магистратурадағы даярлау бағыты ЖЖОКБҰ, білім беру бағдарламасы тобының коды мен атауын, тестілеу тапсыру тілін, тест тапсыру қаласын өз қалауымен таңдайды;
- 7) тестілеуді өткізу тәртібімен танысып, келісетінін растайды;
- 8) төлем жасау әдісін таңдап, онлайн түрде тестілеуге төлемді жасайды. КТ-ға қатысу құны 14693 теңгені құрайды. Тестілеуге қатысу үшін төлемді келесі тәсілдермен жүзеге асыруға болады:

- банк картасымен төлеу арқылы (банк картасымен төлеуді таңдаған кезде бағдарламада автоматты түрде төлем сайты ашылады);

- Kaspi.kz-пен төлеу арқылы (Kaspi.kz-пен төлеуді таңдаған кезде тапсырыс нөмірін қалыптастырып, QR-код немесе Kaspi.kz қосымшасы арқылы төлеу қажет). (Ескерту: Төлемді тапсырысты қалыптастырғаннан кейін 1 сағат (60 минут) ішінде жасау керек, белгіленген уақытта төлем жасамаған жағдайда, өтініш жойылады);

9) барлық кезеңдерден сәтті өткеннен кейін «Сіздің өтінішіңіз қабылданды!» деген мәлімдеме шығады;

10) өтініштерді қабылдау аяқталғаннан кейін түсуші тестілеуді тапсыру күні, тапсыру уақыты мен мекенжайы туралы ақпаратпен жеке кабинетінде ағымдағы жылғы **31 шілдеде** таныса алады.

Берілген өтінішке өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда, өтініштерді қабылдау базасы жабылғанға дейін (**29 шілде сағат 17:00-ге дейін**) «Менің іс-әрекетім» бөліміндегі «Өтінішті өңдеу» батырмасын басып, тиісті өзгерістерді енгізіп, содан кейін «Өңдеу» батырмасын басу қажет.

Түсуші тестілеуге қатысудан бас тартқан жағдайда деректер базасы жабылғанға дейін жеке кабинетінен өзінің өтінішін өшіруі қажет (**29 шілде сағат 17:00-ге дейін**).

Бұл ретте, тестілеу үшін төлем келесі құжаттарды:

1) тестілеу үшін төлемді қайтару туралы түсушіден өтінішті;

2) тестілеуге қатысуға арналған төлем туралы түбіртектегі;

3) жеке куәліктің көшірмесін;

4) төлем картасының көшірмесін;

5) банктің реквизиттерін көрсете отырып, 20 таңбалы есепшотын [uto@testcenter.kz](mailto:uto@testcenter.kz) электрондық поштасына ұсынған кезде қайтарылады.

Тестілеу үшін төлем деректер базасы жабылғаннан кейін қайтарылмайды.

Тестілеуге негізделген себептер бойынша келмеген жағдайда (сырқаттанып қалу, жақын туысқанының қайтыс болуы) қаражатты қайтару үшін еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және (немесе) медициналық анықтаманы және (немесе) Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталынан үзіндіні ұсыну қажет. Барлық ұсынылған құжаттарда верификациялау үшін растайтын QR-код болуы тиіс (барлық анықтамалар сканерленеді және түпнұсқалығы тексеріледі).

Өзге анықтамаларды ұсынған жағдайда тестілеуге төленген төлемақы қайтарылмайды.

Қосымша сұрақтар бойынша 8(7172) 57-59-36, 57-59-65 байланыс телефондарына хабарласуға болады.

### **app.testcenter.kz сайтындағы жеке кабинетке қолжетімділікті қалпына келтіру үшін нұсқаулық**

Егер Сіз app.testcenter.kz сайтында жеке кабинетке кіру үшін логин немесе құпия сөзді ұмытып қалсаңыз, UTO.KZ мобильді қосымшасында биометрия арқылы жеке кабинетке кіру қолжетімді.

Ол үшін мына қадамдарды орындау қажет:

1 қадам - AppStore немесе PlayMarket-тен UTO.KZ қосымшасын жүктеп алыңыз;

2 қадам - «Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?» деген батырманы басыңыз;

3 қадам - «Face ID арқылы құпия сөзді қалпына келтіру» деп таңданыз;

4 қадам - «ЖСН» енгізіңіз;

5 қадам - бейне сәйкестендіруден өтіңіз;

6 қадам - Жаңа құпия сөз жазыңыз, жаңа құпия сөзді қайта жазып «Сақтау» батырмасын басыңыз;

7 қадам - «Кіру» бөліміне өтіп, ЖСН, телефон нөміріңізді және жаңа құпия сөзіңізді енгізіңіз, бұдан әрі жеке кабинетке кіру үшін «Кіру» батырмасын басыңыз.

8 қадам – «Менің парақшам» бөліміне өтіп, электронды поштаңызды (e-mail) және байланыс телефон нөмерін өзгертесіз.